

Сағындықов А.М., Сүлейменова Н.Ш.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«БЕРІКҚАРА ШАТҚАЛЫ» - ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АЙМАҒЫНЫҢ (ЕҚТА) ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада «Берікқара» ерекше қорғалатын табиғи аймағының экологиялық жағдайында өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін сақтап қалу мақсатында сирек кездесетін өсімдіктердің трансэндемикалық түрлері анықталып, олар Берікқара терегі мен Грейг қызғалдағы екендігі дәлелденді. Берікқара терегі өз бетінше табиғи жолмен пайда болған жемісі арқылы, тек сол өлкеде ғана таралады. Осы қасиеті оның аймақтық ерекшелігін, эндемик түрлі екендігін дәлелдеді.

Кілт сөздер: қорғалатын табиғи аймақ, жойылып бара өсімдіктер, орман жолағы, экологиялық жағдайлар, Берікқара терегі, эндемик, Грейг қызғалдағы.

Кіріспе

Бүгінгі таңда «Ерекше қорғалатын аумақ» кеңістігінде бағалы табиғи немесе қолдан жасалған (бағалы экожүйе, гейзерлер, бау- саябақ ескерткіштері, инженерлік құрылыстар, т.б.) және қоршаған ортаға қолайлы әсер ететін кеңістіктердегі орман жолағы, көгерген аймақтар, аумақтар мен акваториялар зерттеліп, олардың ерекшеліктері анықталып, экологиялық жағдайларын оңтайлау шаралары айқындалады. Мұндай аумақтар тек заңмен ғана емес, арнайы бақылауда болып қорғалауы керек.

Қазіргі кезде дүние жүзінде Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың саны 13 мыңнан асты, бұл Жер бетінің 8,5 %-ына тең[2].

Қазақстан Республикасы 2006 ж. 7 шілдесінде қабылданған «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 4-тарауының 4-бабында байланысты Ерекше қорғалатын түрлі табиғи аумақтар және мемлекеттік табиғи қорықтар анықталған. Олар мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар; мемлекеттік табиғи резерваттар; мемлекеттік зоология саябақтар; мемлекеттік ботаникалық саябақтар; мемлекеттік дендрологиялық саябақтар; мемлекеттік табиғат ескерткіштері; мемлекеттік табиғи қорықшалар; мемлекеттік қорықтық аймақтар болып саналады [3].

Қазақстан бойынша Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға: 10 мемлекеттік қорықтар, 10 мемлекеттік ұлттық саябақтар; 3 табиғи резерваттар; 49 табиғи қорықшалар, 127 геологиялық табиғи-қорықтық қор, 5 қорықтық аймақ, 6 ботаникалық және 3 зоологиялық бақтар, 26 мемлекеттік табиғат ескерткіштері, 2 ірі резерват (Семей, Ертіс орманы) бар. Бұлардың жалпы аумағы 2 млн. га-дан астам. Бұл көрсеткіш республиканың жалпы жер аумағының 8%-ына тең. Халықаралық стандарт бойынша әрбір мемлекеттің жалпы жер аумағының 10-12%-ы Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бөлінуі тиіс. Мысалы, мұндай көрсеткіш Германияда 31,5%, АҚШ-та 15,8%, Жапонияда 14%, т.б. 2008 ж. Дүниежүзілік мұралар комитетінің 32-сессиясының шешімімен ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік табиғи мұралар тізіміне, Орталық Азия мен Қазақстан бойынша алғаш рет Қорғалжын қорығы мен Наурызым қорығы енгізілді [1].

Сондай ерекше қорғалатын табиғи аймақ «Берікқара» ҚР Жамбыл облысы Жуалы ауданында өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін сақтап қалу мақсатымен 1971 жылы құрылған. «Берікқара» ерекше қорғалатын аумақкеңістігінде бағалы табиғи және қоршаған ортаға қолайлы әсер ететін кеңістіктердегі орман жолағы орналасқан, оларды зерттеп, ерекшеліктерін анықтап, экологиялық жағдайларының оңтайлау шараларын айқындау өзекті мәселенің бірі.

Зерттеу нәтижелері Берікқара шатқалы (қорықша) – республикалық маңызы бар кешенді мемлекеттік табиғи қорықша, ол Жуалы ауданының орталығы Б. Момышұлы ауылынан 30 шақырым жерде, Билікөл көлінің жағасында, Қаратау тауының Берікқара жотасында орналасқан (Сурет 1).




Сурет 1 - Берікқара шатқалы Билікөл көліне қараған көрінісі.

Жуалы ормандарын және онда таралған жануарлар дүниесін қорғауға бағытталған мемлекеттік Билікөл орманшылығы мекемесінің ауданы 17109 гектар. Таулы жерде ерекше қорғалатын табиғи аймақ (ЕҚТА) «Берікқара» өлкесі біздің зерттеу нысанымыз ретінде қарастырылды.

Берікқара шатқалы Қаратау тауының, Билікөл көлінің маңында орналасқан

Сурет 2 - Берікқара шатқалы.



«Берікқара» ЕҚТА-та зерттелген мәліметтер бойынша өсімдіктер мен жануарлардың реликт (бір материкте өсетін) және эндемик (бір ғана жерде өсетін) түрлері көп кездеседі.

Қаратау жотасының жайпауыт беткейі жайлы шатқалдарымен өзіне тән бірегей табиғатымен сипатталынады (Сурет 2). Берікқара ерекше қорғалатын табиғи аймағында сирек кездесетін 50 түрлі өсімдіктер кездеседі. Зерттеу кезінде бұл өлкеде сипатталынған 50-ден астам өсімдіктер өсетіндігіне біз көз жеткіздік. Олар, ағаш бұта және шөптердің сирек тұқымдары, тіпті қорықшаның өзіндесирек кездесетін Семенов үйеңкісі, Сиверс алмасы, согдиана шағаны, трансэндемикалық түр Берікқара терегі, Грейг қызғалдағы және т.б. өседі.

Біздің зерттеуімізде ерекше орын алған, ҚР қызыл кітабіне енгізілген Берікқара терегімен Грейг қызғалдағына ерекше мән бердік. Берікқара терегі қазіргі таңда тек Қазақстанда, осы «Берікқара» ерекше қорғалатын табиғи аймағында ғана сақталып келеді.



Сурет 3 - Берікқара терегі

Сондықтан да, бұл қорықшаның атауы осы теректің атымен аталған (Сурет 3).


Берікқара терегі реликт түрлі болғандықтан, тек біздер ғана емес басқа елдердің ғалымдары да қызығушылық тудыруда. Канада мемлекетінің ботаниктері үлкен көңіл бөліп, олар әр 4 жыл сайын бұл арнайы келіп, теректің өсу ерекшелігін, таксациялық көрсеткіштерін анықтап, біздің ғалымдармен бірге зерттеп отырады. 2014 жылғы экспедицияда алынған мәліметтері бойынша Берікқара терегі (халықа-ралық ғылыми атауы «*PopulusBerkarensis*») – тал тұқымдасы,

терек туысына жататын ағаш ретінде зерттелді.

Аса көңіл қойып зерттеуге алынатын аймақ, ол Қаратау жотасындағы Берікқара шатқалының солтүстік беткейі екендігі анықталды. Бұл таулы өлкеде 1000-1200 метр биіктікте топтана өскен Берікқара теректерінің кішкене көлемді тоғайы белгіленді (Сурет 4).



Сурет 5- Берікқара терегінің бұтағы мен жапырақтарының көрінісі



Сурет 4 – Берікқара терегінің кішкене көлемді тоғайы

Теректің биіктігі 10 -12 метр, ұшар (крона) бастарының диаметрі 8 – 10 метрге дейін жайылып өскен. Олардың жас бұтақшаларын ақ түсті түк басқан. Жапырақтары қалың, сағағының ұзындығы 6 см, ені 5 сантиметр шамасында болады. Жас жапырақтарының астыңғы жағы ақ киіз сияқты түкті, беткі жағы тықыр (Сурет 5).

Берікқара терегі қос үйлі өсімдік, тұқымынан және вегетативті (өсімді) жолмен көбейуіне байланысты, ол сәуір айында гүлденіп, маусым айында жемістенетіндігі анықталды. Топтана өскен Берікқара теректерінің кішкене көлемді тоғайы өте жоғары орналасуына және оған көтеріліп жету үлкен қолайсыздық тудыратындығына байланысты Берікқара терегінің жемістерін жинау мүмкін емес.

Сондықтан бұл, Берікқара терегі өз бетінше табиғи жолмен пайда болған жемісі – терек мамығы арқылы, оның сол жерге түсуіне байланысты, тек сол өлкеде ғана таралады. Берікқара терегінің осы қасиеті оның аймақтық ерекшелігін, эндемик түрлік екендігін дәлелдейді. Аталған ерекшеліктеріне байланысты Берікқара терегі – сирек

кездесетін, жойылып бара жатқан эндемик түріне жатады да Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізіліп, тек Берікқара ботаникалық қорықшасында қорғалады.

Берікқара шатқалы Қаратау тауының, Билікөл көлінің маңында орналасқан «Берікқара» ЕҚТА-ында өсімдіктерді зерттеу қауымдастықтарында Берікқара терегі мен қатар Грейг



Сурет 6– Грейгқызғалдағы

кызғалдағыда ерекше орын алады. Жалпы ресми түрде «Берікқара» ерекше қорғалатын табиғи аймағы «қызғалдақтар отаны» деп мойындалған (Сурет 6).

Грейг қызғалдағы (*Tulipa greigii*) – лалагүлділер тұқымдасы, қызғалдақ туысына жататын көп жылдық пиязшықты өсімдік. Ол біздің зерттеуімізде Қаратау жотасын мекендейді. Жалпы грейг қызғалдағы республикада Шу-Іле тауларында, Қоржынтауда, Талас және Қырғыз

Алатауында да кездеседі. Грейг қызғалдағының биометриялық көрсеткіштерін анықтау барысында оның биіктігі 40–50см аралығында, сабағы жуан түктішелі болатындығы анықталды. Жапырағы жалпақтаспа тәрізденген, кейде жиегі иректелінген, үстіңгі бетінде қою күлгін таңбалары болады. Қызғалдақтың гүлдері әрбір өсімдікте жеке дара, қызыл, я болмаса қызғылт-сары түсті болып келеді. Ол көктемдегүлдейді. Тұқымы арқылы және вегетативті (өсімді) жолмен көбейеді. Жемісі – қорапша. Грейг қызғалдағы-өте әдемі, сәнді өсімдік болуына байланысты Алматы, Қарағанды және Жезқазған ботаникалық бақтарында қолдан өсіріледі. Шетелдік ғалымдар да грейгқызғалдағына ерекше көңіл бөлуде, біздің жақтан грейгқызғалдағы Голландия еліне жеткізілген, ол елде өте сирек кездесетін Грейг қызғалдағы өсіріледі.

Сонымен, табиғатта грейгқызғалдағыөтесиреккездесетіндігіне байланысты Берікқара шатқалы Қаратау тауының, Билікөл көлінің маңында орналасқан «Берікқара» ерекше қорғалатын табиғи аймағындакездесетін болғандықтан, бұл қорықшада оның өсіп-өнуіне көп көңіл бөлініп, қорғауғаалынды және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Қорытынды

Жуалы ормандарын және онда таралған жануарлар дүниесін қорғауға бағытталған мемлекеттік Билікөл орманшылығы мекемесінің ауданы 17109 гектар. Берікқара шатқалы Қаратау тауының, Билікөл көлінің маңында орналасқан «Берікқара» ЕҚТА-та зерттелген мәліметтер бойынша өсімдіктер мен жануарлардың реликт (бір материкте өсетін) және эндемик (бір ғана жерде өсетін) түрлері көп кездеседі.

Қаратау жотасының жайпауыт беткейі жайлы шатқалдарымен өзіне тән бірегей табиғатымен сипатталады. Берікқара ерекше қорғалатын табиғи аймағында сирек кездесетін 50-ден астам өсімдіктер өсетіндігіне айқындалды. Олар, ағаш бұта және шөптердің сирек тұқымдары, тіпті қорықшаның өзінде сирек кездесетін Семенов үйеңкісі, Сиверс алмасы, согдиана шағаны, трансэндемикалақ түр Берікқара терегі, Грейг қызғалдағы. Қаратау жотасындағы Берікқара шатқалының солтүстік беткейінде 1000 – 1200 метр биіктікте топтана өскен Берікқара теректерінің кішкене көлемді тоғайы белгіленді.

Берікқара терегі өз бетінше табиғи жолмен пайда болған жемісі – терек мамығы арқылы, оның сол жерге түсуіне байланысты, тек сол өлкеде ғана таралады. Берікқара терегінің осы қасиеті оның аймақтық ерекшелігін, эндемик түрлі екендігін дәлелдейді. Аталған ерекшеліктеріне байланысты Берікқара терегі – сирек кездесетін, жойылып бара жатқан эндемик түріне жатады да Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізіліп, тек Берікқара ботаникалық қорықшасында қорғалады. «Берікқара» ЕҚТА-ында өсімдіктерді зерттеу қауымдастықтарында Берікқара терегі мен қатар Грейг қызғалдағыда ерекше орын алады. Жалпы ресми түрде «Берікқара» ерекше қорғалатын табиғи аймағы «қызғалдақтар отаны» деп мойындалған.

Грейг қызғалдағы-өте әдемі, сәнді өсімдік болуына байланыстыАлматы, Қарағанды және Жезқазған ботаникалық бақтарында қолдан өсірілуге ұсынылған. Шетелдік ғалымдар

да грейг қызғалдағына ерекше қызығушылық танытады, біздің елден грейг қызғалдағы Голландия еліне жеткізілген, ол елде өте сирек кездесетін Грейг қызғалдағы өсіріледі.

Сонымен, табиғатта грейг қызғалдағы өте сирек кездесетіндігіне байланысты Берікқара шатқалы Қаратау тауының, Билікөл көлінің маңында орналасқан «Берікқара» ерекше қорғалатын табиғи аймағында кездесетін болғандықтан, бұл қорықшада оның өсіп-өнуіне көп көңіл бөлініп, қорғауға алынды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9 VII том
2. Миркин Б.М. Что такое растительные сообщества - М.: Наука, 1986 г.
3. Есполов Т.И., Байзаков С.Б. и др. Методика проведения инвентаризаций зеленых насаждений. Алматы, 2006.

Сагиндыков А.М., Сулейменова Н.Ш.

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ ОСОБО ОХРАНЯЕМЫХ ПРИРОДНЫХ ТЕРИТОРИЙ «УРОЧИЩЕ БЕРИККАРА»

Резюме С целью сохранения исчезающих видов растений в условиях экологической обстановки «Особо охраняемой природной территории урочища Бериккара» выявлены трансэндемические виды растительности, это из древесных пород – тополя Бериккара и из многолетних растений – тюльпан Грейга. Установлено, что тополь Бериккара размножается естественным образом, при выбрасывании тополиного пуха, поэтому данный вид растительности встречаются только на этой высоте горной местности, что является характерной особенностью ее местоположения. Доказано, что выявленная особенность тополя Бериккара представляет эндемический характер этого вида.

Ключевые слова: особо охраняемая территория, исчезающие виды растений, лесополоса, экологическое состояние, тополь Бериккара, тюльпан Грейга.

Sagindykov A.M., Suleimenova N.Sh.

ECOLOGICAL CONDITION OF SPECIALLY PROTECTED NATURAL TERRITORIES "BOUNDARY BERIKKARA"

Summary With a view to introduce the conservation of plant species in the ecological situation "Specially protected natural territories boundary Berikkara". To introduce types of vegetation, it is of trees - poplar Berikkara of perennials - tulip Greig. Founded that poplar Berikkara breed naturally, when throw out poplar fluff, so this type of vegetation found only at this altitude mountainous territory, which is a characteristic feature of its location. It is proved that the revealed features poplar Berikkara is endemic in this species.

Keywords: protected territory, endangered plants, forest belt, ecological condition, poplar Berikkara, Greig's tulip.